

**2002 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу және қызмет көрсету көзделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес заемдар бойынша заемшылардың тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысы 2002 жылғы 11 наурыз N 293

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес заемдар бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылға арналған республикалық бюджетте өтеу және қызмет көрсету көзделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес заемдар бойынша заемшылардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 11 наурыздағы  
N 293 қаулысымен  
бекітілген

2002 жылға арналған республикалық бюджетте  
өтеу және қызмет көрсету көзделген Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес заемдар бойынша  
заемшылардың тізбесі

1. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы
2. "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы
3. "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясы
4. "Ақмола жаңа құрылысіндустріясы" акционерлік қоғамы

5. "Қарметкомбинат" мемлекеттік акционерлік қоғамы
6. "Азат" өндірістік коммерциялық концерні
7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "Еңбек" республикалық мемлекеттік кәсіпорны)
8. "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы
9. "Конденсат" акционерлік қоғамы
10. "Кең Дала" акционерлік қоғамы
11. "Өнім" акционерлік қоғамы
12. "Батыс" ашық акционерлік қоғамы
13. "Отель Астана" Қазақстан-Түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы
14. "Қазақ аджанта фарма лимитед" бірлескен кәсіпорны
15. "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
16. "Kazakhstan Airlines" ашық акционерлік қоғамы
17. "Медеу-Эмсаш-Алатау" бірлескен кәсіпорны
18. "Жеңілөнеркәсіп" акционерлік компаниясы
19. "Байланыс-Құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы
20. "Мақсат" акционерлік қоғамы
21. "Игілік" акционерлік қоғамы
22. "Айт-Отель" Қазақстан-Түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы
23. "Рахат" Қазақ-Австрия бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.